



АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ



Бауыржан Есімсейтов,

Академияның Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының доценті, әділет кеңесшісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Абай – өте көп зерттелген ақын. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы монографиялық еңбектер аз емес. Олардың қатарына ұзақ тізім құрайтын басылымдардың кейбірін ғана атап кеткізіміз келіп отыр. «Абай және қазіргі заман» (ұжымдық жинақ), «Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері» (ұжымдық монография), З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі», Қ.Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері», М.Мырзахметовтің «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абайтану тарихы», Т.Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек», Қ.Салғариннің «Таным баспалдақтары», Б.Байғалиевтың «Абай өмірбаяны архив деректерінде». Бұл ғылыми еңбектерді оқу, тану арқылы кез-келгеніміз Абай мұрасына қатысты дәлелді деректер ала аламыз.

Серік Қирабаев, Мекемтас Мырзахметов, Қайым Мұхамедханов, Рымғали Нұрғалиев, Мұхтар Мағауин, Тұрсынбек Кәкішев, Сейіт Қасқабасов, Шериаздан Елеукенов, Темірбек Қожакеев, Тәкен Әлімқұлов, Құлмат Өмірәлиев сияқты және т.б. абайтанушылар Тәуелсіздік таңымен нұрланып, ұлы ақынның сан қырлы сырларын жаңаша, тың көзқараспен зерделеді. Сол жылдары Ғылыми мекемелерде, жоғары оқу орындарында Абайтану орталықтары құрылып, Қ.Салғарин, Ғарифолла Есім, Тұрсын Жұртбай, Бейсенбай Байғалиев, Тұрсынжан Шапай, Жабал Шойымбет сияқты ғалымдар

ақын өлеңдерінің ішкі әлеміне бойлап, өнегелік, тағылымдық қасиеттерін ашты [1].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамашылдығымен Абайдың туғанына 175 жыл толған мерейтойын мемлекеттік деңгейде өткізу туралы шешім шығарылып, жоспарлы іс-шаралар басталып та кетті. Президенттің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласындағы ақынның шығармаларындағы тағылымды танып-білу және оны бүгінгі қоғам игілігіне жаратудың жолдарын көрсетіп, бағыт беруі алдағы атқарылар істердің қарқын алуына себеп болып отыр [2].

Абай шығармаларының тақырыбы әр алуан, өмірге көзқарасы, жұртшылық алдына қойған мәселелері сан түрлі. Оның еңбектері тек әдебиетшілер ғана емес, тарихшы, педагог, психолог үшін де ғылыми зерттеу объектісі болып отырғаны бұл күнде ешкімді таңдандырмайды. Әрине Абайдың ақындық, философиялық т.б. қырлары жан-жақты зерттелгендігі жоғарыда айтылды. Бүгінгі күні Абайды заңгер ретінде тану оның қазақ қоғамындағы қабылдаған заңдық күші бар құжаттары жайлы зерттеулер де жарық көруде. Әрине заң мамандарын әзірлеп отырған жоғары оқу орындарының зерттеу жұмыстары тақырыптарында да осы мәселе қамтылуы тиіс. Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған Абайды Н.Ә. Назарбаев: «Абай – қазақ халқының

рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер» деген болатын. Осы тұрғыдан келгенде ғалым-жазушы Тұрсын Жұртбайдың Абайдың ақындық өнерінің тағылымдық қасиетін зерделеуге арналған «Күйесің, жүрек... сүйесің!» – атты кітабы қазақ әдебиеттану ғылымы саласында бұрын кең ауқымда зерттелмеген тақырыпты монографиялық деңгейде қозғауымен ерекшеленеді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың аталған еңбегінде «Абай заманында көшпелі тіршілік үшін белгілі бір қызметтің қажеті де жоқ, реті де жоқ еді. Алайда Абайдың өмірі шұғылданған тұрақты жұмысы бар болатын. Ол – билік айту, яғни би болды. Он төрт жасынан бастап қашан құсылы боп өлгенше қазақ жұрты оны би, болыс деп таныды. Демек, өзі өмір сүрген кездегі қауымға Абай қоғам қайраткері есебінде етене мәлім тұлға. ... Сонымен, Абайдың өмірлік шұғылданған кәсібі – билік, оның ішінде болыстықтан тысқары міндеті – кәдімгі дала биі еді. Әрине, әділ би болды» [3].

Ғалым Т. Жұртбайдың зерттеуінде ұлы ақын шығармасын тың көзқараспен барлап, бұрын айтыла бермеген жаңа сырларын ашуға күш салған ізденісті көреміз.

Көрнекті жазушы С.Ш. Оразалының отандық журналдарға берген бір сұхбатында Абайдың заңгерлігі жайлы төмендегідей керемет пікірді де ұсынуды жөн санаймыз. «Абайды толық зерттеп, білдік деп айтуымызға әлі ерте деп ойлаймын. Оның бір белгісі, Абайдың ұлы заңгер болғандығында жатыр. Абай Шар бойында Абай қазақтың бұрынғы заңдарын, сонымен қоса орыс заңдарын да терең білетіндігін көрсетіп, оларды үйлестіре отырып, қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазып шығады. Бұл – «Шар ережесі» деп аталды. Бұл заң Қазанда басылып шығады да, Семей, Өскемен өңіріне, беріде Жетісуға, сондай-ақ, Қытай өлкесіне тараған. Қазір бұл заң Семейдегі Абай мұражайында сақталып тұр. Абай осы жиында төбе би атанады. Абай жалпы қазақ даласын орыс заңдарымен ғана басқаруға болмайтынын, бұл елдің өзінің ерекшеліктері бар екенін, атадан балаға ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан әдет-ғұрпы, заңдары барлығын, көп мәселелерді қазақ ішінде осы заңдар негізінде шешуге болатындығын айтады» [4].

Академик Салық Зимановтың басшылығымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде жазылған «Қазақтың ата заңдары» атты



<https://sputniknews.kz/society/20190613/10536369/Abay-zhazgan-zan-galymdar-Qaramola-zharysyny-tpnsasyn-tapty.html>

он томдық жинақтың V-томында 1885 жылы Абай құрастырған «Қарамола ережесі» (Шар ережесі) сипаттама берілген. Бұл ауқымды еңбекте қазақтың әдет-ғұрып заңдарынан бастап барлығы бар. Салық Зимановтың айтуынша: «Төрт атасынан бері билердің жалғасы болып келген Абай негізінде ақын болуға емес, өз елінде би болуға, билік құруға дайындалған адам екен. Абайдың ақындықпен айналыспай, көп уақыт ақындығын жасырып, басқа адамдардың атынан өлең жазып келгені содан болуы мүмкін. Өйткені, ол кезде ақынның беделі айтарлықтай бола қоймаған. Ал, Өскенбайдан бастап Құнанбайға, одан Абайға жалғасқан билік жас Абайды бұл бағытқа қатты әзірлейді. Құнанбайдың Абайды жастайынан қасына ертіп жүріп, ел ішіндегі дау-дамайдың шешімін қалай табу керектігін үйрететіні жәйлі «Абай жолы» эпопеясынан да білеміз. Абай «Жеті жарғыны» да, Әнет бабаның араласуымен жазылған қазақтың ұлы заңдарының

барлығын да жастайынан сіңіріп, жетік біледі. Сонымен қоса, орыс заңдарын да оқып, біліп отырған. Абайдың жер дауы, жесір дауы, адамдар арасындағы кикілжіңнен туған, ұрыс-керіске байланысты ақылдылықпен, сұңғылалықпен шешім шығаруы тегін емес. Әсіресе, Абайдың жер дауына, кісі өліміне байланысты тарихта қалған шешімдері, Шыңғыстауда мыңдаған адамдардың алдында тұрып шешім шығарған жерлері сақталған [5].

Әрине бір мақала көлемінде Абайдың заңгерлік қыры жайлы толық қамту мүмкін емес, одан қалды Абайдың заңгерлік қырларын толық қамтуға менің де қолымдағы ақпараттардың аздығы да оған себеп. Менің Абайдың заңгерлік тағылымына арнап жазып отырған мақаламның өзектілігі – жас ғалымдарға ой салу. Болашақ ғылыми еңбектерінде осы мәселелерге тереңірек ізденушілік танытса деген тілек. Құқықтық аспектілермен байланыста қарастырылу қажет тарихи, әдеби, педагогика-психологиялық, тілдік т.б. мәселелермен заң саласында зерттеулер жүргізіп жүрген жас мамандардың шұғылданғандары көптеген нәтиже әкелеріне сенімдімін және бұл отандық заң ғылымы тарихының дамуын одан әрі жетілдіреді. Осындай зерттеулер әрине Абай даналығын танып-білу, Абай шығармаларынан нәр алып, оның тереңіне бойлау, қаныға түсуден басталуы шарт. Өйткені тарих көшінің қай кезеңінде де Абай көтерілген сана биігі аласармайды. Бүгінде Абай тағылымы – ұлы тағылым екені дәлелдеуді керек етпейді.

Ұлы Абай жылындағы ең орасан игі істің бірегейі – ҚР Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз – Абай күні болып жариялануы. Яғни осы жылдан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туған

күні Қазақстанда ресми түрде мереке күн ретінде аталып өтілетін болады. Бұл қазақ халқының дана Абайдың дара екендігін мойындаған күні. Алдағы келе жатқан Абай күні мерекесі құтты болсын!

Абай мұрасынан әр сала мамандарының, оның ішінде заңгерлердің өзінше зерделер тағылымы да толастамайды, толастауға тиіс емес ►



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Алпысбаев //Абай тағылымы – арналы тағылым, «Ана тілі» газеті 22 – Қаңтар, 2020 ж.
2. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>.
3. «Күйесің, жүрек... сүйесің...»: (Абай: «Жан бостандығы» немесе рухани тәуелсіздік) – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2009. 4-т. – 464 бет.
4. Абайдың заңгерлігі <https://abai.kz/index.php> Сұхбаттасқан – Думан АНАШ «Алматы ақшамы» газет 6 Қыркүйек, 2012.
5. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер он томдық = Материалы, документы и исследования в десяти томах; бас ред. С.З. Зиманов; ж.б. – Алматы: Жеті жарғы, 2009.– (Мәдени мұра. = Культурное наследие. 10 том .– 592 б.